

- 44 Смулевич А.В. К проблеме психофармакотерапии малопрогрессирующей ипохондрической шизофрении. // Журн. невропатол. и психиатр. им. С.С. Корсакова. – М., 1979. – Т. II. – С.1583-1587.
- 45 Смулевич А.В. О самостоятельности малопрогрессирующей формы шизофрении. // Журн. невропатол. и психиатр.им. С.С. Корсакова. – М., 1980. – №8.- С.1171-1178.
- 46 Сегаль Ю.Е. Ипохондрический синдром в клинике шизофрении у детей и подростков. // В кн.: Шизофрения у детей и подростков. – М., 1959. – С.66-82.
- 47 Гаибова Л.М., Жислина С.М. К патогенезу ипохондрических включений в клинике пубертатных шизофрений. // В кн.: Клиника, терапия и патофизиология шизофрении. – Баку, 1963. – С.157-163.
- 48 Сосюкало О.Д. О некоторых закономерностях, определяющих формирование ипохондрической симптоматики при шизофрении у детей и подростков. // В кн.: Актуальные проблемы психоневрологии детского возраста. – М., 1973. – С.13-19.
- 49 Илешева Р.Г., Русакова Н.К. Некоторые особенности ипохондрических расстройств при шизофрении у подростков. //Тезисы докладов 43-й итоговой научной конференции АГМИ. – Алма-Ата, 1971. – С.312-313.
- 50 Личко А.Н. Подростковая психиатрия. – Л.,1979. – С.180-181.

М.Ш. ДЖАМАНТАЕВА

СЕНЕСТОПАТИЯЛЫҚ ШИЗОФРЕНИЯ, КЛИНИКАСЫ, АҒЫМЫ

Түйін: Сенестопатиялық шизофрения бойынша әдеби шолу жүргізілді. II мәлімдемде сенестопатиялық шизофренияның клиникасы мен ағымы бойынша әдеби деректер талданды.

Түйінді сөздер: шизофрения, сенестопатия, клиникасы, ағымы.

M.SH. JAMANTAYEVA

CLINICAL ASPECT AND COURSE OF SENESTOPATHIC SCHIZOPHRENIA. ANALYTICAL SURVEE. REPORT II

Resume: The literature survey related to senestopathic schizophrenia is presented in this work. Report II analyses the literature data related to the clinical aspect and course of senestopathic schizophrenia.

Keywords: schizophrenia, senestopathia, clinical aspect, course.

УДК 616.89-02:615.8-085

К.Т. САРСЕМБАЕВ, А.Е. ЖЕКЕМБИНА, З.М. ӨСКЕНБАЙ, И.Н. АХМЕТОВА
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
психиатрия, психотерапия және наркология кафедрасы

НАРКОМАНИЯМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИНДРОМАЛДЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2011-2013 жылғы республикалық ғылыми-тәжірибелік психиатрия, психотерапия және наркологиялық орталықтың аффективті жағдай бөлімшесінде ем алып жатқан наркоманияның әр түрімен ауыратын науқастарға зерттеулер жүргізілді. Барлығы 144 науқас зерттелді. Барлығы ер науқастар. Науқастардың жасы, ұлты, мекен-жайы, білімі, жұмыс орны, жетілген мамандығы, отбасылық жағдайы және наркотикті ең алғаш қабылдаған жасы сарапталды. Қосымша аурулары бар науқастарда зерттелді.

Түйінді сөздер: наркоманиялар, әлеуметтік факторлар, демографиялық факторлар, қосымша аурулар.

Берілген жұмыстың ауқымдылығы күмән туғызбайды, себебі наркомания тек медициналық мәселе ғана емес сонымен бірге дүние жүзіндегі әлеуметтік мәселе.

Соңғы жиырма жылдықта наркотикалық заттарды қолданудың жылдам және кең түрде таралуының ұлғаюы соншалықты, қазіргі уақытта әлемнің барлық елдерінде, әртүрлі аспектілерде қауіп төндіріп отыр[1]. Бұл мәселе Европа мен Азияның көпірі болып отырған біздің мемлекетімізге де аса маңызды.

Нашақорлық жасөспірімдер арасында өте кең таралған. Ресей Федерациясының эпидемиологиясының мәліметтері бойынша жасөспірімдер арасында нашақорлық аурушандық 1991 жылы - 100 мыңға шаққанда 4,9; 2000 жылы - 84,5 дейін, яғни 17 есе ұлғайған[1].

Осындай жағдайларда қазіргі уақытқа дейін наркологияның маңызды мәселесі болып табылатын – алдын-алу шараларына аса назар аудару қажет[2,3].

Жұмыстың мақсаты тұрғындар арасындағы наркоманияның әлеуметтік-демографиялық факторын зерттеу болып табылады. Алға қойылған мәселені іске асыру үшін біздер 2011-2013 жылғы республикалық ғылыми-тәжірибелік орталықтың аффективті жағдай бөлімшесінде ем алып жатқан наркоманияның әр түрімен ауыратын науқастарға зерттеулер жүргіздік.

Республикалық психиатриялық ғылыми-тәжірибелік орталықтың аффективті жағдай бөлімшесінде 2011-2013 жылдар аралығында емделген, наркоманияның әр түрімен ауыратын науқастарға зерттеу жүргізілді.

Барлығы 144 науқас зерттелді. Барлығы ер адамдар. 1-ші кестеде жасы бойынша науқастар көрсетілген.

1 кесте.

Жасы	20жасқа дейін		21 - 30 жас		31 – 40жас		40 жастан асқан		Барлығы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%	абс.	%
2011 жыл			2	8,0	26	28,5	10	37,0	38	26,4
2012 жыл			7	28,0	40	44,0	7	37,0	54	37,5
2013 жыл	1	100	16	64,0	25	27,5	10	26,0	52	36,1

Вестник КазНМУ, №1- 2014

Барлығы	1	0,7	25	17,4	91	63,2	27	18,7	144	100
----------------	---	-----	----	------	----	------	----	------	-----	-----

Наркоманиямен ауыратын науқастардың стационарлық ем алатындарының үлесі жылдан жылға артып келеді. Сонымен

қатар наркоманиямен зардап шегетіндердің арасында 21-30 жас аралығындағы азаматтардың саны артып келеді.

2 кесте.

Ұлты	Қазақ		Славяндықтар		Басқа ұлттар		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	20	22,2	9	28,1	9	41,0	38	26,4
2012 жыл	36	40,0	8	25,0	10	45,4	54	37,5
2013 жыл	34	37,8	15	46,9	3	3,6	52	36,1
Барлығы	90	62,5	32	22,2	22	15,3	144	100

Берілген 2 кестедегі мәліметтерде наркомандар арасында қазақ ұлтының саны абсолютті түрде өскенін көрсетеді. Осы мәліметтерді жылдар бойынша сараптаса госпитализацияланған

науқастар арасында сонымен қатар кәріс ұлты науқастарының да санының өскенін байқаймыз. Бұл, мемлекеттегі ұлттар арасында наркоманияның өсуінің қауіптілігін тудырады.

3 кесте.

Мекен-жайы	Қала		Ауыл		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	20	20,8	18	37,5	38	26,4
2012 жыл	38	39,6	16	33,3	54	37,5
2013 жыл	38	39,6	14	29,2	52	36,1
Барлығы	96	66,7	48	33,3	144	100

Госпитализацияланған наркоман науқастар арасында қала тұрғындарының саны жоғары. Бірақ та госпитализацияланған жылдар арасында 2011 жылы ауыл тұрғындарының саны жоғары болса, соңғы жылдары қала тұрғындарының саны

артқанын көрсетіп отыр. Жоғарыда айтылған мәліметтерде қала тұрғындарының арасында наркомандар санының өскені қалалық жерде алғашқы медикопрофилактикалық жұмыстарды жүргізуді жоғарлату керек екенін айтады.

4 кесте.

Білімі	Аяқталмаған орта		Орташа		Аяқталмаған жоғары		Жоғары		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	10	47,6	10	21,7	5	14,7	13	30,2	38	26,4
2012 жыл	10	47,6	16	34,8	11	32,4	17	39,6	54	37,5
2013 жыл	1	4,8	20	43,5	18	52,9	13	30,2	52	36,1
Барлығы	21	14,6	46	31,9	34	23,6	43	29,9	144	100

Кестедегі мәліметтерге қарасақ наркоманиямен ауыратын науқастар арасында орта білімі, арнайы орта білімі, жоғарғы білімі бар науқастар да кездеседі. Осылардың ішінде жартысынан көбінде жоғарғы және арнайы орта білімі бар науқастар.

Кесте бойынша талдаудың қорытындысы: Орта және орта кәсіптік білім деңгейлі науқастардың деңгейі; жоғары, аяқталмаған орта білімі төмен. Жоғарғы білім деңгейі; өзгеріссіз.

5 кесте.

Жұмыс орны	Жұмыс жасайтын		Жұмыссыз		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	1	14,3	37	27,0	38	26,4
2012 жыл	2	28,6	52	37,9	54	37,5
2013 жыл	4	57,1	48	35,1	52	36,1
Барлығы	7	4,9	137	95,1	144	100

Наркоманиямен ауыратын науқастардың көпшілік бөлігі олардың білім деңгейіне

қарамастан жұмыссыз. Бұлардың 3/1 жоғарғы білімді, 2/1 орта және орта кәсіптік білімдері бар.

6 кесте.

Мамандығы	Мамандырылған еңбек		Мамандандырылмаған еңбек		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	16	26,7	22	26,2	38	26,4
2012 жыл	21	35,0	33	39,3	54	37,5
2013 жыл	23	38,3	29	34,5	52	36,1
Барлығы	60	41,7	84	58,3	144	100

Наркоманиямен ауыратын науқастар квалификациялы және квалификациялы емес еңбекпен айналысқан.

7 кесте.

Отбасылық жағдайы	Бойдақ		Үйленген		Ажырасқан		Жесір		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	7	18,4	24	32,4	7	22,4	0	0	38	26,4
2012 жыл	18	47,4	23	31,1	12	38,7	1	100	54	37,5
2013 жыл	13	34,2	27	36,5	12	38,7	0	0	52	36,1
Барлығы	38	26,4	74	51,4	31	21,5	1	0,7	144	100

Кестедегі мәліметтерге қарасақ госпитализацияланған науқастардың тең жартысы өз отбасыларында тұрады. Науқастардың 3/1-нен жоғарысы бойдақтар және 5/1-і

ажырасқандар. Көбінде стационарлық емді некелі-отбасылы науқастар алады. Қазіргі жағдайда отбасы факторы жағымды әсер етеді.

8 кесте.

Алғаш рет наркотикалық заттарды қабылдады	15 жасқа дейін		16–20 жас		21–30 жас		30 жас		Барлығы	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
2011 жыл	9	30,0	16	23,5	10	26,4	3	37,5	38	26,4
2012 жыл	9	30,0	30	44,1	14	36,8	1	12,5	54	37,5
2013 жыл	12	40,0	22	32,4	14	36,8	4	50,0	52	36,1
Барлығы	30	20,8	69	47,2	38	26,4	8	5,6	144	100

Стационардағы ем қабылдағандардың жасын талдағанда олардың 3/2-і 20 жасқа дейін наркотикалық заттарды қолдана бастаған, 5/1-і 15 жасынан, ал қалған көрсеткіш мектеп жасында

қолданғандарды көрсетеді. Бұл мәліметтер мектепте психопрофилактикалық жұмыстарды күшейту керек екендігін көрсетеді.

9 кесте.

Синдромдар	Шифр	Барлығы	
		абс	%
Опиоидтар қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, төуелділік синдромы	F 11.2	48	26,5
Опиоидтар қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, тоқтату синдромы	F 11.3	10	5,5
Каннабиоидтар қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, төуелділік синдромы	F 12.2	2	1,1
Каннабиоидтар қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, психотикалық бұзылыстар	F 12.5	3	1,7
Седативті және ұйқы шақыратын заттар қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, төуелділік синдромы	F 13.2	3	1,7
Ұшқыш еріткіштер қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, тоқтату синдромы	F 18.3	2	1,1
Бірнеше наркотикалық заттар мен басқа психоактивті заттарды қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, төуелділік синдромы	F 19.2	98	54,1
Бірнеше наркотикалық заттар мен басқа психоактивті заттарды қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, тоқтату синдромы	F 19.3	13	7,2
Бірнеше наркотикалық заттар мен басқа психоактивті заттарды қолдану нәтижесіндегі психикалық және жүріс-тұрыстық бұзылыстар, делириймен тоқтату синдромы	F 19.4	2	1,1
Барлығы		181	100

Госпитализацияланған науқастарға (кесте 9) өткізілген клиникалық талдауында әртүрлі синдромальді құрылым анықталды. Психоактивті заттарды ұзақ уақыт қолданғандықтан оларда төуелділік синдромы пайда болғаны анықталды. Науқастардың жартысынан көбі (54,1%) бірнеше наркотикалық заттармен бірге басқа да психоактивті заттар (полинаркомания) қолданған. Екінші орынды төуелділік опиоидтарды қолданған кезінде шақырылған төуелділігі бар науқастар құрады. (26,5%) . Ал госпитализацияланған науқастардың соматикалық сараптамасында, көбінесе бауыр патологиясы (24,5%) және энцефалопатия (24,5%) ауруына шалдыққандарды көрсетеді. Асқазан ішек жолдарының аурулары - 8%-ын, жүрек-қантамыр аурулары - 6,4%-ын, өкпе туберкулезы - 4,8%-ын, ал қалған 31,8% басқа да ағзалардың зақымдануын көрсетеді.

Тұжырым: Жүргізілген зерттеу нәтежиелері ауруханаға жатқызылған науқастардың арасында жыл өткен сайын нашақорлықпен ауыратын науқастардың санының көбеюін анықтады. Науқастардың жартысынан көбі (54,1%) бірнеше

наркотикалық заттарды қолданған және басқа психоактивті заттарды пайдаланған (полинаркомания). Сонымен бірге ауруханаға жатқызылған науқастардың арасында жергілікті ұлтымыздың санының көбеюін байқаймыз.

Нашақорлықпен ауыратын науқастардың үштен бір бөлігі наркотиктерді 20 жасқа дейінгі аралықта қолдануды бастаса, бестен бір бөлігі 15 жасқа дейінгі жас аралығында қолдана бастаған. Нашақорлықпен ауыратын науқастар арасында орта, орта арнаулы және жоғары білімі бар азаматтар кездеседі. Ал олардың көпшілігі жұмыссыз. Осы фактор орта және жоғарғы оқу орындарында психопрофилактикалық жұмыстарды күшейтуді талап етеді.

Нашақорлықпен ауыратын науқастар арасында жиі бауыр патологиясы (24,5%), және энцефалопатия (24,5%) кездеседі. Нашақорлықтың қалалық жерлерде кең етек алуы, қала тұрғындарының ішінде біріншілік психопрофилактикалық жұмыстарды күшейтудің қажеттілігін дәлелдейді.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Е.А.Кошкина. Эпидемиология наркологических заболеваний. - Руководство по наркологии – Т.І. – М.: - 2002. – С.8 – 32.
- 2 Н.Н.Иванец. Наркология – предмет и задачи. - Руководство по наркологии – Т.І. – М.: - 2002. – С.5 – 7.
- 3 Н.А.Сирота, В.М.Ялтонский. Профилактика зависимости от наркотиков. - Руководство по наркологии – Т.ІІ. – М.: - 2002. – С.308 – 325.

К.Т. САРСЕМБАЕВ, А.Е. ЖЕКЕМБИНА, З.М. ӨСКЕНБАЙ, И.Н. АХМЕТОВА
Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова.
Кафедра психиатрии, психотерапии и наркологии

СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ И СИНДРОМАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА БОЛЬНЫХ НАРКОМАНИЕЙ

Резюме: Проведено исследование больных различными видами наркоманий, находившихся на стационарном обследовании и лечении в отделении аффективных состояний республиканского научно-практического центра психиатрии, психотерапии и наркологии в период с 2011 по 2013 годы. Всего было изучено 144 больных. Все больные мужского пола.

Анализировались возраст больных, национальность, место жительства, образование, место работы профессия и квалификация, семейное положение и возраст начала употребления наркотического средства. Проводился анализ синдромальной структуры заболевания, а также имеющихся у госпитализированных больных сопутствующих заболеваний.

Ключевые слова: наркомании, социальные факторы, демографические факторы, синдромальная структура, сопутствующие заболевания.

K.T. SARSEMBAYEV, A.E. ZHEKSEMBIN, Z.M. OSKENBAY, I.N. ACHMETOVA
Kazakh national medical university named after S.D.Asfendiyarova

SOCIAL – DEMOGRAPHIC AND SINDROMALNY CHARACTERISTIC OF PATIENTS WITH DRUG ADDICTION

Resume: Research of patients by different types of drug addiction is conducted, being on stationary inspection and treatment in office of affective conditions of the republican scientific and practical center of psychiatry, psychotherapy and narcology during the period from 2011 to 2013. In total 144 patients were studied. All male patients.

The age of patients, nationality, residence, education, work place a profession and qualification, relationship status and age of the beginning of the use of drug were analyzed. The analysis of sindromalny structure of a disease, and also available for the hospitalized sick accompanying diseases was carried out.

Keywords: drug addiction, social factors, demographic factors, the sindromalny structure, accompanying diseases.